

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
Т.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ
КОЛЛЕДЖ



ЕРЕЖЕ

Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығы және Қазақ мультипликациясының негізін қалаушы, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген әртісі, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Суретшілер Одағының, Қазақстан Кинематографистер Одағының, Қазақстан журналистер Одағының және Қазақстан дизайнерлер Одағының мүшесі Әмен Әбжанұлы Хайдаровтың 100 жылдығына арналған **VI Халықаралық өнер колледждері арасындағы жас суретшілердің**

«ART – Самғау - 2023» қашықтық фестиваль-байқауы
2023 жыл 26-28 сәуір

VI Халықаралық өнер колледждері арасындағы жас суретшілердің «ART – Самғау - 2023» қашықтық фестиваль-байқауы Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығы және Қазақ мультипликациясының негізін қалаушы Әмен Әбжанұлы Хайдаровтың 100 жылдығына арналып, қашықтықтан ұйымдастыру түрінде өтеді.

VI Халықаралық «ART – Самғау - 2023» өнер колледждері арасындағы жас суретшілердің қашықтық фестиваль - байқауы әр елдің өнер сүйер жастардың түсіністігін жетілдіру, қолдау, студенттердің халықаралық деңгейде шығармашылық қарым-қатынасына, достасуына ықпал етеді. Сондай-ақ фестиваль жаңа дарындарды ашуға, кескіндеме өнерін сүйетін жас жеткіншектердің кәсіби шеберлігін шыңдауына қосымша мүмкіндіктер туғызу, олардың интеллектуалдық деңгейлерін жетілдіру, отандық және әлемдік тарих пен мәдениетке деген қызығушылығын арттыру мақсатында ұйымдастырылып отыр.

Қашықтықтан ұйымдастырылған Фестиваль-байқауға өнер колледжінің студенттері шақырылады.

Қашықтық Фестиваль-байқауын ұйымдастырушылар: Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының колледжі, ҚР Мәдениет және Спорт министрлігі, Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО Клубтар Федерациясы, ҚР Суретшілер Одағының қолдауымен ұйымдастырылады. Салтанатты онлайн түрде VI Халықаралық «ART – Самғау-2023» жас суретшілердің қашықтық фестиваль-байқауының ашылу және жабылу шаралары өтеді және жеңімпаздар жұмыстарының көрмесінің видеоролигі көрсетіледі.

VI Халықаралық «ART – Самғау-2023» қашықтық фестиваль-байқауының барысында мәдениет және өнер саласындағы білім берудегі өзекті мәселелері бойынша дөңгелек үстел, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының профессорлары,

ҚР сурет өнері шеберлері және шетелдік оқу орындары педагог, профессорларының қатысуымен онлайн шеберлік-кластар ұйымдастырылады.

2.Мақсаттары мен міндеттері

Мақсаты:

- Әр елдің көркемсурет мектептер дәстүрлерімен таныстыру;
- Әр елдің жас суретшілерімен достық, мәдени және шығармашылық байланыс нығайту және дамыту;
- БІНТымақтастық арқылы мәдени және шығармашылық алмасу, халықаралық байланыс құру және нығайту;
- Талантты жас суретшілерді айқындау және қолдау көрсету;
- Шығармашылық қарым-қатынас жасауға жағдай жасау.

Міндеті:

- Жас суретшілердің шығармашылық потенциалын айқындау;
- Мәдениет, білім қайраткерлері мен шығармашыл педагогтардың бірлігін нығайту;
- Ұлттық мәдениет пен дәстүрді қолдау, рухани-моральдық талапқа сай, ұлтаралық келісім және толеранттыққа тәрбиелеу;
- Әр елдің мәдениетімен таныстыру.

3. Фестиваль- байқау номинациялары

- «Ұлттық натюрморт» (өз еліңіздің ұлттық мәдениеті мен ұлттық колоритін көрсететін) /1 жұмыс/;
- «Халық ертегілеріне арналған иллюстрация» (Ұлттық колориттің көрсетілуі, қазақ фольклорындағы немесе өз елінің кейіпкерлері бейнелерінің мәнерлілігі)/1 жұмыс/.

Техника: майлы бояулар, гуашь, акварель, графика, акрил (таңдау бойынша).

4. Қазылар алқасы

Қашықтық фестиваль-байқау бағдарламасын бағалауға еңбегі сіңген өнер қайраткерлері, атақты суретшілер, кәсіби педагогтар шақырылады.

Қазылар алқасы шешімімен жүлделі орындар белгіленеді және қазылар алқасы барлық орындарға жүлде тағайындамауға құқылы.

Қазылар алқасының шешімін өзгертуге болмайды.

5. Бағалау критерийлері

6. Түпкі ойының ерекшелігі;
7. Авторлардың көркемдік шеберлігінің деңгейі;
8. Шығармашылық тапсырманың ерекше орындалуы және композицияның аяқталуы ескеріледі.
9. Плагиат және басқа адамдардың шығармасының көшірмесі құпталмайды.

6. Марапаттаулар мен жүлделер

VI Халықаралық өнер колледждері арасындағы жас суретшілердің «ART – Самғау-2023» қашықтық фестиваль-байқауына қатысушылары фестиваль қорытындысы бойынша:

- «Гран – При» Бас жүлдесі Дипломымен әр номинация бойынша марапатталады;
- I, II, III дәрежелі Лауреаттық Дипломдарымен әр номинация бойынша марапатталады;
- Қатысушы Дипломымен барлық қатысушылар марапатталады;

- Фестиваль-байқауға қатысқан оқу орындарының басшылары алғыс хаттарымен, жетекшілер сертификаттармен марапатталады.
- Дипломдар, алғыс хаттар, сертификаттар қатысушы өтінішінде көрсетілген оқу орнының электронды почталарға жіберіледі;

7. Ұйымдастыру – техникалық талаптары

1. Қашықтық фестиваль-байқауға қатысушы **2023 жылдың 10 сәуіріне** дейін мәлімдемесуалнамасын (№1 Қосымша), жеке эл.фотосын (3,5 х 4,5) **art-samgau@mail.ru; e_liza@list.ru** электрондық почтасына жіберуі керек.

2. Қашықтық фестиваль-байқауға қатысушы **2023 жылдың 10 сәуіріне** дейін **art-samgau@mail.ru; e_liza@list.ru** электрондық поштасына өзі қалаған номинацияция бойынша 1 жұмыстан (фотосурет, **PDF** форматында) жіберуі керек.

- ❖ Жоғары сапалы фотосуреттерді ұсынғаныңызға көз жеткізіңіз, жақсы жарық, мүмкін болса, ақ фонда түсіруге тырысыңыз.
- ❖ Әр жұмысқа автордың аты-жөні, жасы, жұмыстың атауы, мөлшері, техникасы, орындалған жылы, орындалған орны (қаласы) көрсетілген ақпарат қоса берілуі керек.

8. Қатысу шарттары

- Қашықтық фестиваль-байқауға номинация (пункт 2) бойынша дайындаған жұмыстарының электронды фотосуреттері негізінде өткізіледі;

- Қашықтық фестиваль-байқауға өнер колледждерінің 14-18 жас аралығындағы студенттері қатыса алады;

- Әр оқу орнынан 10 қатысушыға дейін қатыса алады;

- Қашықтық фестиваль-байқау барысында шеберлік-класс өткізетін ұстаздар 2023 жылдың 10 сәуіріне дейін шеберлік – класс сабақтарының тақырыптарын, видеоматериалдарын **art-samgau@mail.ru; e_liza@list.ru** эл.почталарына жіберуі керек.

9. Өткізілетін орны мен уақыты

VI Халықаралық өнер колледждері арасындағы жас суретшілердің «ART – Самғау - 2023» қашықтық фестиваль-байқауы 26-28.04.2023 ж. аралығында қашықтықтағы түрде Алматы қаласында өтеді. (ZOOM платформасы)

Ұйымдастырушы: Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының колледжі, ҚР Мәдениет және Спорт министрлігі, Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО Клубтар Федерациясы

Қашықтықтан ұйымдастырылған Фестиваль-байқау туралы ақпарат сайтта болады. <https://college.kaznai.kz/>.

Карибаев Ерлан Ануарбекұлы – Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының мектеп-интернат, колледж басшысы

Координатор: Лиза Алтыбаева моб.т.+7 705 575 72 56 /watcap/, e_liza@list.ru

**ҚАШЫҚТЫҚ ФЕСТИВАЛІНІҢ
ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
Т.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ
КОЛЛЕДЖ



ӨТІНІШ

VI Халықаралық өнер колледждері арасындағы жас суретшілердің
«ART – Самғау -2023»
қашықтық фестивалі-байқауына қатысуға арналған

Қатысушының

Эл.фотосы

3,5x4,5

Қатысушының аты-жөні	Номинация, жұмыстың аты, техникасы	Колледж, лицейдің аты. Ұйым директорының аты-жөні	Қатысушы жетекшісінің аты-жөні	Оқу орнының адресі: қала, телефон, индекс, эл.почта	Қатысушы туралы қысқаша ақпарат
Жасы					
<i>Максұтов Алимжан 16 жас Үлгі!</i>	<i>Натюрморт "Дәстүрім", гуашь, А3, Үлгі!</i>	<i>Алматы өнер колледжі Рамазанова Алтынай Кабировна Үлгі!</i>	<i>Толетова Дарига Максұтовна Үлгі!</i>	<i>Қазақстан Республикасы, Алматы қ-сы., Мұратбаев көшесі,130; индекс 050080, тел/факс +7 727 395-12-48, https://college.aty.kz/ Үлгі!</i>	<i>2 курс студенті «станокты кескіндеме» мамандығы Үлгі!</i>

Оқу орнының басшысы

Қолы

Аты-жөні

Мөр

Ұйымдастыру комитетінің мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы

Әбіш Кекілайұлы көшесі, 133;

www.college.kaznai.kz

тел/факс +7 727 395-12-48;

e-mail: art-samgau@mail.ru; e_liza@list.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
Т.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ
КОЛЛЕДЖ



**VI Халықаралық өнер колледждері арасындағы жас суретшілердің
«ART – Самғау -2023»
қашықтық фестиваль-байқауына қатысуға арналған
БАҒДАРЛАМА**

26-28 сәуір 2023ж.

ZOOM платформасы

1 күн. 26.04.2023 ж.

11:00 – 12:00. Онлайн. Фестиваль-байқаудың салтанатты ашылуы.

2 күн. 27.04.2023 ж.

14:00 - 15:00. Онлайн. Дөңгелек үстел.

15:30 -16:30. Онлайн. Шеберлік сыныптар.

3 күн. 28.04.2023 ж.

14:00 - 15:30. Онлайн. Фестиваль-байқаудың салтанатты жабылуы.

Жеңімпаз жұмыстардың **онлайн** көрмесі.

**ҚАШЫҚТЫҚ ФЕСТИВАЛІНІҢ
ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТ**